

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
30.01.2020СІЛТЕМЕ  
https://bilimgger.kz/90844/

## ЦИКЛОГРАММА

I Вапта, ( 27-31 қаңтар 2020 ж)

Мектепалды даярлық №3 «Қызғалдақ»

ТОБЫ

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл-күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбикемен бірлескен жұмыс.				
үсті, саусақ және т.б. )	Балаларды көңілді Машамен қарсы алу.	Балаларды көңілді әуенмен қарсы алу.	Балаларды көңілді Күлегешпен қарсы алу.	Балаларды көңілді әжеймен қарсы алу.	Балаларды сүйкімді қошақанмен қарсы алу.
Ойындар (үстел-)	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Аққала жасау» <b>Мақсаты:</b> Балалардың ойлау қиялын дамыту. Дөңгелек пішіндерден аққала құрастырып жасауды үйрету.	<b>«Тіл ұстарту жаттығуы»</b> Ыс-ыс-ыс Болсын мол ыр-ыс, Болып қапты қ-ыс Аман болсын ту-ыс, Ыдыстарды жу-ыс.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Әрі қарай кері сана» <b>Мақсаты:</b> 10 көлеміндегі санаарды кері қарай санауды қайталау.	<b>Саусақ жаттығуы.</b> Құстар қанат қағады. Құстар ұшып барады. Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып, Шик-шиқ -деп, ән салады.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Бұл қай мезгіл?» <b>Мақсаты:</b> жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін ажыратуға үйрету.
Таңертеңгі жаттығулар кешені	Музыка әуенімен таңертеңгілік жаттығулар кешені. Ұйқы ашатын музыкалық-ырғақты қимылдарды орындау.				Таңғы
Таңғы ас. Мәдени -гигиеналық дағдылар	Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз Астарын төкпей ішу. Ас үшіп отырып сөйлемей. Ас ішіп болып, қолдарын жуу. Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау дағдысын қалыптастыру.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың (белсенділік орталық) материалдарын, көрнекіліктерін, дидактикалық ойын материалдарын дайындау.				
	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Өзара айырмашылығын тап» <b>Мақсаты:</b> Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Жыл мезгілдері» <b>Мақсаты:</b> Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту.	<b>Дидактикалық ойын:</b> Кайсысы қайда тіршілік етеді? <b>Мақсаты:</b> Жануарлардың мекен жайын анықтау, сөздік қорын молайту.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Кайсысы ұнайды?» <b>Мақсаты:</b> Суреттен заттарды таңдап, не үшін ұнайтынын айтқызу.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Кім зейінді?» <b>Мақсаты:</b> Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру.
Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесі	<b>1. Қатынас</b> Сөйлеуді дамыту <b>2. Әлеумет</b> Өзін-өзі тану <b>3. Денсаулық</b> Денешынықтыру <b>4. Шығармашылық</b> Мүсіндеу	<b>1. Қатынас</b> Сауат ашу <b>2. Шығармашылық</b> Музыка <b>3. Денсаулық</b> Денешынықтыру 2/4 Қауіпсіздік мінез-құлқ негіздері.1/3	<b>1. Шығармашылық</b> Музыка <b>2. Таным</b> Математика негіздері <b>3. Қатынас</b> Орыс тілі	<b>1. Қатынас</b> Көркем әдебиет 1/3 Драма 2/4 <b>2. Денсаулық</b> Денешынықтыру <b>3. Шығармашылық</b> Сурет салу	<b>1. Қатынас</b> Ағалшын <b>2. Жаратылыстану</b> 09.30-09.55 <b>3. Жапсыру.</b> 10.00-10.25 <b>4. Құрастыру. 0.5</b> 1/3 10.30-10.55.

<p><b>Ұйымдастырылған оқу қызметтері</b></p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> «Көңілді қысқы ойындар» <b>Мақсаты:</b> қыс айларында ойнайтын ойындарды атай отырып, ойын қызықтарын сұрақ-жауап арқылы айтуға. Бір-біріне қамқор, дос болуға, ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу. <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жаңғыртады:</b> ұйымшылдықпен ойнауды; <b>Түсінеді:</b> бір-бірімен дос болуды; <b>Қолданады:</b> қыс айында ойналатын ойындарды. <b>Әдіс-тәсілі:</b> түсіндіру, сұрақ-жауап; <b>Дидактикалық ойын:</b> «Кім жылдам?» <b>Көрнекілік:</b> шаңа, шаңға, қонық, ақ қаланың суреттері. <b>2.Өзін-өзі тану</b> <b>Тақырыбы:</b> «Біз еңбекқор баламыз» <b>Мақсаты:</b> адам бойындағы құнды қасиеттер: еңбек сүйгіштік, адал қызмет ету т.б. туралы түсініктерін кеңейту. Үлкендер өміріндегі құрметтеу білуге баулу. <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жаңғыртады:</b> үлкендердің еңбегін бағалауды; <b>Түсінеді:</b> Еңбекқор болуды, жалқаулыққа жол бермеуді; <b>Қолданады:</b> адам бойындағы құнды қасиеттерді. <b>Әдіс-тәсілі:</b> түсіндіру, сұрақ-жауап; <b>Көрнекілік:</b>еңбек құралдарымен таныстыру. <b>3.Дене шынықтыру</b> <b>Негізгі қимылдар</b> 1) Көтеріңкі қойылған заттың үстімен жүру. 2) Гимнастикалық орындақ үстінде тепе-теңдік сақтап жүру және орта кезінде бұрылу. 3) Екі аяқпен шахмат тәрізді қойылған, толтырылған доптар үстінен қос аяқпен секіру. <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жаңғыртады:</b> заттардың үстімен жүру; <b>Түсінеді:</b> тепе-теңдікті сақтауды; <b>Қолданады:</b> қос аяқпен секірді. <b>Қимылды ойын:</b> «Шамамен сырғанаймыз» <b>4. Мұнсаидеу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Аққала» <b>Мақсаты:</b> Аққала бейнесін мүсіндей білуді үйрету отырып, саусақ моторикаларын дамыту. Мүсіндей білу іскерліктерін бекіту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жаңғыртады:</b> ұқыпты жұмыс жасауды; <b>Түсінеді:</b> ермексазбен жұмыс жасау тәсіл-дерін; <b>Қолданады:</b> мүсіндей білу іскерліктерін; <b>Әдіс-тәсілі:</b> көрсету, түсіндіру; <b>Дид. ойын:</b> «Қыс қызықтары» <b>Көрнекілік:</b> аққала суреті, ермексаз, сулық, пышағы.</p>	<p><b>1.Сауат ашу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Б» дыбысымен таныстыру. <b>Мақсаты:</b> «Б» дыбысымен таныстыра отырып, «Б» дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасау. Бұны туралы білімдерін бекіту, қол қимылын жаттықтыру. <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жаңғыртады:</b> «Б» дыбысы дауыссыз дыбыс екенін <b>Түсінеді:</b> Бұынға бөлуді, дыбыстық талдау жасауды; <b>Қолданады:</b> Б дыбысы-нан басталатын сөздерге сөйлем құрауды. <b>Әдіс-тәсілі:</b> сұрақ-жауап, көрсету, сергіту. <b>Дидактикалық ойын:</b> «Сөзді бұынға бөлейік» <b>Көрнекілік:</b> Көпте әріптер, текшелер, сюжетті суреттер. <b>2.Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қыс» туралы ән Әні мен сөзі:Д.Қиқымов <b>Мақсаты:</b> Әуен сазына ілесіп, қыс көріністерін қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу. Әнді әсерлі етіп айтуға , үйрету <b>Әуенді ырақты қимылдар:</b> «Jingle bells» әуеніне аққалалар биі <b>Музыка тыңдау:</b> «Қыс қызығы» И.Нусипбаев <b>Әні мен сөзі:</b> Д.Қиқымов <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жаңғыртады:</b> әнді әсерлеп айтуды; <b>Түсінеді:</b> қыстың ерекшеліктерін; <b>Қолданады:</b> қыс көріністерін қимыл-қозғалыспен бейнелеуді; <b>Әдіс-тәсілі:</b> түсіндіру, сұрақ - жауап; <b>Дид. ойын:</b> «Қасқыр мен көжектер» қимылды ойыны. <b>3. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> «Суықтан сақтану» <b>Мақсаты:</b>балаларды қыс мезгіліндегі суықтан және түрлі аурулардан сақтану жолдарын үйрету, өз денсаулықтарына ұқыпты қарауға тәрбиелеу. <b>Күтілетін нәтиже:</b> денсаулықтарына ұқыпты қарауды; <b>Қолданады:</b> жалпы қыстың ерекшелігімен, жақсы-жаман қанеттерін; <b>Әдіс-тәсілі:</b> түсіндіру, сұрақ-жауап; <b>Дид. ойын:</b> «Қар лақтыру» <b>Көрнекілік:</b> мата мен мақтадан жасылған қар.</p>	<p><b>1.Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қыс» туралы ән Әні мен сөзі:Д.Қиқымов <b>Мақсаты:</b> Әуен сазына ілесіп, қыс көріністерін қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу. Әнді әсерлі етіп айтуға, үйрету <b>Әуенді ырақты қимылдар:</b> «Jingle bells» әуеніне аққалалар биі <b>Музыка тыңдау:</b> «Қыс қызығы» И.Нусипбаев <b>Әні мен сөзі:</b> Д.Қиқымов <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жаңғыртады:</b> әнді әсерлеп айтуды; <b>Түсінеді:</b> қыстың ерекшеліктерін; <b>Қолданады:</b> қыс көріністерін қимыл-қозғалыспен бейнелеуді; <b>Әдіс-тәсілі:</b> түсіндіру, сұрақ -жауап; <b>Дид. ойын:</b> «Қасқыр мен көжектер» қимылды ойыны. <b>2.Қарапайым математика</b> <b>Тақырыбы:</b> «Артық, кем, тең» <b>Мақсаты:</b>балаларға артық, кем және тең таңбалары туралы мағлұмат бере отырып, заттарды топтастырғанда артық , кем немесе тең болатынын анықтау. <b>Салыстыру дағдыларын жетілдіру</b> <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жаңғыртады:</b> салыстыру дағдыларын жетілдіру; <b>Түсінеді:</b> артық, кем және тең таңбаларын; <b>Қолданады:</b> артық, кем,тең, екенін ажыратуды; <b>Әдіс-тәсілі:</b> түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап. <b>Дид.ойын:</b> «Салыстырайық» <b>Көрнекілік:</b> көкөністер мен жемістердің мүлжалдары. <b>3.Орыс тілі</b> <b>Тема:</b> «Зима» <b>Цель:</b>Обобщить, систематизировать представления детей о зиме как о времени года. Учить поддерживать непрерывную беседу на определенную тему. Воспитывать интерес и любовь к родной природе. Развивать внимание, наблюдательность, зрительное восприятие, логическое мышление детей. <b>Воспроизводят:</b> представление о зиме. <b>Понимают:</b> о времени года о зиме. <b>Применяют:</b> наблюдательность, внимание и мышление. <b>Дидактическая игра:</b> «Собери пазлы»</p>	<p><b>1.Драма</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қарлығаш пен дауіт» (сахналық) <b>Мақсаты:</b>Сахнада еркін қимылдап, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету. Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып, балалардың анық, жұмыс сөйлеу мәдениетін дамыту. <b>Кейіпкерлер:</b> ерекшеліктерін құралдарын қолдану. <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жаңғыртады:</b> сахнада еркін қимылдауды; <b>Түсінеді:</b> анық, жұмыс сөйлеу мәдениетін; <b>Қолданады:</b> кейіпкерлердің ерекшеліктерін бере біледі; <b>Әдіс-тәсілі:</b> түсіндіру, сұрақ-жауап; <b>Дид. ойын:</b> «Сыңарын тап» <b>Көрнекілік:</b> суреттер, ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары. <b>2.Дене шынықтыру</b> <b>Негізгі қимылдар</b> 1) Екі аяқпен шахмат тәрізді қойылған, толтырылған доптар үстінен қос аяқпен секіру. 2) Гимнастикалық орындақ үстінде тепе-теңдік сақтап жүру және орта кезінде бұрылу. 3) Музыка ырғағына сәйкес түрлі қимылдар жасау. <b>Эстафеталық ойын:</b> «Бүкіттен сырғану» <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жаңғыртады:</b> ырғаққа сәйкес қимыл жасауды; <b>Түсінеді:</b> қос аяқпен секіру тәсілдерін; <b>Қолданады:</b> тепе-теңдікті сақтауды. <b>3.Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қар ұлпалары» (сөздік акварель бояуымен) <b>Мақсаты:</b> қыс қызықтарымен таныстыру, табиғат құбылыстарын сезіне білуге: қардың аппақ, ұлпа, мамықтай, жұмсақ болатынын көрсету. Дербес түрде қар ұлпаларын салуды үйрету. <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жаңғыртады:</b> қардың аппақ, ұлпа, мамықтай жұмсақ болатынын; <b>Түсінеді:</b> қардың ұлпаларын салуды; <b>Қолданады:</b> табиғат құбылыстарын сезіне біледі; <b>Әдіс-тәсілі:</b> түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап; <b>Дид. ойын:</b> «Аппақ, аппақ жапалақтап...» <b>Көрнекілік:</b> қыс мезгілінің суреттері, қағаз, акварель, қылқалам, су, мата.</p>	<p><b>1.Ағылшын тілі</b> <b>Тақырыбы:</b> «Magical winter» <b>Мақсаты:</b> ғажайыпқа толы қыс мезгілінің көрінісін сюжеттей отырып, қыс мезгілінің ерекшеліктерін атап түсіндіру (It's Winter. A snowman, a snow, a sledges). Қысқы ойындар қатарын таныстырып, оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру. <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жаңғыртады:</b> қыс мезгілін ағылшын тілінде атайды; <b>Түсінеді:</b> қыстың ерекше жайлы белгілерін түсінеді. <b>Қолданады:</b> қысқы ойындар қатарын ағылшын тілінде атайды; <b>Әдіс-тәсілі:</b> түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап; <b>Дидактикалық ойын:"Ball»</b> <b>Көрнекілік:</b> Видеоорлик слайд, қыстың суреттері, компьютер, қарындаш. <b>2.Жаратылыстану:</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қыс ғажайыптары» <b>Мақсаты:</b> Қыс туралы түсініктерін нақтылай отырып, қыс мезгіліндегі ауа-райы, табиғат құбылыстары, өсімдіктердің жай-күйі жайлы түсініктерін дамыту <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жаңғыртады:</b> қыс мезгіліндегі ауа-райын сезінуді; <b>Түсінеді:</b> табиғат құбылыстарын; <b>Қолданады:</b> өсімдіктердің жай-күйі жайлы; <b>Әдіс-тәсілі:</b> түсіндіру, сұрақ-жауап; <b>Дидактикалық ойын:</b> «Қыс қандай?» <b>Көрнекілік:</b> кітаппен жұмыс жасау, қыс суреті. <b>3.Аппликация</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қысқы түн» <b>Мақсаты:</b>Қысқы табиғат көріністерін әңгімелей білу дағдыларын жетілдіре отырып, жақсырудың, әдіс-тәсілдерін меңгерту. Өз беттерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Қайшымен жұмыс істеу іскерліктерін бекіту <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жаңғыртады:</b> қайшымен жұмыс жасау дағдыларын; <b>Түсінеді:</b> өз беттерімен жұмыс жасау дағдыларын; <b>Қолданады:</b> қысқы табиғаттың көріністерін; <b>Әдіс-тәсілі:</b> түсіндіру, сұрақ-жауап; <b>Дид. ойын:</b> «Аққала» <b>Көрнекілік:</b> қара қардон, қайшы, желім, т.б <b>4.Экология негіздері</b> <b>«Қыс белгілері»</b> <b>Мақсаты:</b>Қыс мезгілінің белгілері туралы білімдерін тереңдету; осы мезгілге тан маусымдық құбылыстар туралы білімдерін кеңейте отырып, табиғатты суоге, қорғау-ға тәрбиелеу. Маусымға сәйкес киінуге, денсаулы-ғын күтуге дағдыландыру <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жаңғыртады:</b> маусымға сәйкес киінуді; <b>Түсінеді:</b> табиғатты сүюді және қорғай білуді; <b>Қолданады:</b> қыс мезгілінің белгілерін; <b>Әдіс-тәсілі:</b> түсіндіру, сұрақ-жауап. <b>Үстел-үсті ойыны:</b> «Қажеттілігіне қарай топтастыр» <b>Көрнекілік:</b> кітаппен жұмыс, суреттер.</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шафтарын таза ұстауға және жинауға дағдыландыру.</p>				
<p><b>Серуендеу</b></p>	<p><b>Бақылау №16</b> <b>«Өзен, көл, су тоғандарына саяхат»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды өзен, көл, су тоғандарының қыстағы өзгерістерімен таныстыру. Мұздың қасиетімен, қалпымен жете таныстыру. Муз қауіпсізді-гіне арналған ере-желермен таныстыру. <b>Еңбек әрекеті:</b> Қайың ағаштың түбіне қар жинау. <b>Қимылды ойын:</b> «Шортан мен табан балықтар»</p>	<p><b>Бақылау №17</b> <b>«Өардың қасиетін бақылау»</b> <b>Мақсаты:</b> Қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды. <b>Еңбек әрекеті:</b> «Қарды күреу» <b>Қимылды ойын:</b> «Ұстап ал»</p>	<p><b>Бақылау №18</b> <b>«Құстарды бақылау»</b> <b>Мақсаты:</b> Қыстайтын , алаңға келетін құстардың аттарын анықтау Олардың сыртқы бейнесін , қандай жемді жақсы көретінін, қалай тұрып, қалай жүретіндерін анықтау. <b>Еңбек әрекеті:</b> Аулағы қардан тазалау. <b>Қимылды ойын:</b> «Ұядағы құстар»</p>	<p><b>Бақылау №19</b> <b>«Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау»</b> <b>Мақсаты:</b> Ауа-райын бақылау. Ауа-райына кеңіл бөліп, байқау өткізуге ұсыну. <b>Еңбек әрекеті:</b> Кішкентай балдырғандардың ойнайтын ауласын қардан тазарту. <b>Қимылды ойын:</b> «Арқан тарту»</p>	<p><b>Бақылау №20</b> <b>«Табиғат күнтізбесі бойынша ауа-райын бақылау»</b> <b>Мақсаты:</b> Өткен күндердегі ауа-райын бақылау. Қандай өзгерістер бар? Бір ағашты анықтап,суретін салып, оны өткізуге берілу. <b>Еңбек әрекеті:</b> Қатқан муз жолын тазалап, төртін сақтап, судың музға айналатынын көріп қызықтау. <b>Қимылды ойын:</b> «Соқыр теке»</p>
<p><b>Серуеннен оралу.</b></p>	<p>Балалардың дұрыс шешінуін, шафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Тамақтану алдында мұқият жуынуды қадағалау</p>				
<p><b>Түскі ас.</b></p>	<p>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтауды қалыптастыру.</p>				

<b>Түскі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
	«Тәй-тәй балапаным» әні	Баяу музыка тыңдайды	«Ақылды етікші» ертегісін оқып беру.	«Бөбектер» әні	«Кім күшті?» ертегісін оқып беру.
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту кешені</b>	Кешен №16	Кешен №17	Кешен №18	Кешен №19	Кешен №20
<b>Бесін ас</b>	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру, тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтауға дағдыландыру.				
<b>Вариатив. бөлімдер</b>	<b>Үстел- үсті ойыншық театры:</b> <b>Мақсаты:</b> ойыншық кейіпкер үшін іс-әрекет орындау, бейнелеудің басым құралдары дауыс ырғағы және бет қимылы болып табылады.	<b>«Шебер қолдар» Тақырыбы:</b> «Қыршақ» театры <b>Мақсаты:</b> Пайдалануға жарамсыз заттардан ойыншық-тар жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын да-мыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу.	<b>«Сиқырлы сандар» Тақырыбы:</b> «Заттардың орналасуы» <b>Мақсаты:</b> Заттарды түр-түсіне қарай ажыратуға, санауға үйрету, ретімен орналастыру.	<b>«Қауіпсіздік» Тақырыбы:</b> «Абайлаңыз, бейтаныс адам» <b>Мақсаты:</b> Балаларды өзін-өзі қорғай білуге үйрету, тіл байлықтарын дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	<b>«Жұмбақтар» Мақсаты:</b> Әр -түрлі жұмбақтарды шешуге дағдыландыру. <b>Дидактикалық ойын:</b> «Аққала жасау» <b>Мақсаты:</b> Балалардың ойлау қабілетін дамыту.
<b>Ойындар, жеке даму картасына сөйкес жеке жұмыс</b>	<b>Жеке жұмыс:</b> Раяна мен Ерасылға шығармашылық саласы бойынша ермексиздан «Қысқы ағашты» мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін үйрету	<b>Психологпен жұмыс.</b>	<b>Жеке жұмыс:</b> Шығармашылық саласы бойынша Әділетке, Раянаға, Арайлымға, Балнұрға ұсақ қол қимылын дамытуды, қайшыны ұстауды үйрету.	<b>Жеке жұмыс:</b> Топ балалары Жұмазадаға, Нұрмұхамедке, Айнуллаға таным саласы бойынша математикадан заттардың кеңестікте апта күндерін ретімен айтуды үйрету.	<b>Жеке жұмыс:</b> Қатынас саласы бойынша Ардақ пен Аминаға Кеңесқан мен Нұрмұхамедке сөздік диктант жазуды үйрету.
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды байқап, оны дұрыстай білулерін қадағалап дағдыландыру.				
<b>Серуен</b>	Балалар кешкі серуен кезінде еркін ойындар ойнайды.				
<b>Серуеннен оралу.</b>	Балалардың ретімен шешініп, шкафқа киімдерін орналастырға, жинақылыққа дағдыландыру				
<b>Кешкі ас</b>	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру, тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтауды қалыптастыру.				
<b>Ойындар. Өзіндік іс-әрекеттер.</b>	<b>Дидактикалық ойын:</b> Қайсысы қайда тіршілік етеді? <b>Мақсаты:</b> Жануарлардың мекен жайын анықтау, сөздік қорын молайту.	<b>Дидактикалық ойын</b> «Қайсысы ұнайды?» <b>Мақсаты:</b> Суреттен заттарды таңдап, не үшін ұнайтынын айтқызу	<b>Дидактикалық ойын:</b> Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата» <b>Мақсаты:</b> Үй жануарлары мен жабай жануарлар туралы білімдерін бекіту.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Жыл мезгілдері» <b>Мақсаты:</b> Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Не артық?» <b>Мақсаты:</b> Балаларды суретке қарап заттарды топтастыра білуге үйрету.
<b>Балалардың үйге қайтуы.</b>	Көктайғаққа байланысты ережемен таныстыру.	Балалардың бүгінгі оқу қызметіндегі жетістігі туралы мадақтау.	Балалардың балабақшадан қалмауын ескерту.	Әліппе оқулығынан «Қ» әрпін буындап оқуға көмек беру.	«Қыс қызықтары» фото альбом жасау.

Тәрбиешілер:

Елеусізова А

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.